

КЕЛІСЕМІН
«Ақмола облысы білім
басқармасының Жеренді ауданы
бойынша білім бөлімі» ММ
басшысы: Д.Ш. Кенжеболатова
«02» 08 2024 жыл



Тексерілді
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары Б.З. Қыдырбеков
«02» 08 2024 жыл

БЕКІТЕМІН

«Ақмола облысы білім
басқармасының Жеренді ауданы
бойынша білім бөлімі» Жолдыбай
ауылының негізгі орта мектебі» КММ
директоры: Б.Бекишов
«02» 08 2024 жыл



Қараотырылыс
БСПБ жетекшісі А.С.Искакова
Хаттама №1
«02» 08 2024 жыл

Негізгі орта білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған

« Логикалық есептер»

факультатив сабағының
күнтізбелік – тақырыптық жоспары

Мұғалім: Кыдырбекова Нургуль Кадыровна

Мектеп: «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Сынып: 3
Сағат саны: 1 сағат

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Жалпы білім беретін оқу орындарының бастауыш сатысында оқытылатын математика пәні – мазмұнына сандар мен оларға қолданылатын амалдарды, шамаларды, есептерді, математика элементтерін біріктірген, олардың өзара байланысы мен өзара әсерлесуін жүзеге асыратын кіріктірілген оқу пәні. Бастауыш мектеп математикасы негізгі орта мектеп математикасының табиғи бір бөлігі болып табылады. Танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда балалардың жалпы эмоционалдық көңіл-күйіне және олардың белсенділігіне сүйенеді, алайда түрлі әрекетке белсенділік танымдық қызығушылыққа, бала тұлғасының таным үрдісіне және білім мазмұнына деген бағыттылығына айналады. Бұл курс бағдарламасы баланы тек үстірт санауға ғана жаттықтырмай ой еңбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындай есептерді ауызша шығара білуге үйретеді. Осы талаптарды ескере отырып, ұсынып отырған жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай, 3-сынып оқушыларына құрастырылған. Бағдарлама 34 сағатқа жоспарланған. Оқу қызметі дамытушы-ойын түрінде және математикалық ойын үлгісінде (дидактикалық ойын, шытырман, логикалық есептер) ұйымдастырылған. Бұл курс бағдарламасының мазмұны: балалардың бойында белсенділік, тапқырлық, ойлау қасиеттерін қалыптастырады. Бағдарламаға қызықты тапсырмалар енгізілген.

Курс бағдарламасының бағыты.

Математика пәні тек бағдарлама аясында өткізілуіне байланысты, «Логикалық есептер» курс бағдарламасын енгізу қажеттілігі туындап отыр. «Математика және логика» курсының негізгі міндеті – базалық оқуға кіретін мектеп пәндері бойынша білімді тереңдету және кеңейту болып табылады. Осыған байланысты пән ерекшелігі математика пәнін қызықты тапсырмалар және әртүрлі формадағы сабақтар өткізіп тереңдетіліп оқытуға бағытталған.

Курс бағдарламасының жанашылдығы.

Бұл курстың құрылымы дәстүрлі сабақтар өткізуден белгілі бір тақырыптар бойынша дәрістер оқудан экскурсиялар, зертханалық және практикалық сабақтар, жалпылама сабақтар, диспуттар жүргізуден және сын тұрғысынан оқыту стратегияларын қолданудан тұрады. Курс нәтижеге байланысты жұмыс жасауға бағытталған. Яғни оқушылармен жекелей топпен және жүйелі жұмыс жасай отырып, оқушылардың білім деңгейін жоғарлатуды көздейді. Жалпы жұмыс жекелей және топтық жұмыстарға оқушылардың оқу деңгейін жоғарлатуға бағытталғандықтан, әр оқушының деңгейін анықтап, деңгейлік тапсырмалар беріп, оқушыларды белсенді оқуға талаптандыру болып табылады. Бұл оқушының жеке дамуына үлкен әсерін тигізеді және нәтиже береді.

Курс бағдарламасының өзектілігі.

Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Оқушылар білу керек.

- - Оннан аттап қосу мен азайтуды автоматты түрде білу;
- - Қайсысы артық немесе кем екенін ажырата білу;
- - Заттар тобын көз мөлшермен санау арқылы және сәйкестендіру арқылы салыстырту;
- - Геометриялық фигуралардың (жазық және кеңістік) атауларын білу;
- - Есепті шығаруға байланысты формулаларды жатқа білу;
- - Есепті шеше білу және оған кері амалдар құрастыра білу;
- - Логикалық тапсырмалармен жұмыс жасай алу;

Оқушылар қолдана алу керек.

- - ауызша және жазбаша есептеуді талдау ;
- - өз бетінше есептің қысқаша шартын жазу;
- - математикалық терминдерді қолдана алу;
- - геометриялық фигураларды ажырату;
- - көбейту кестесін автоматты түрде жатқа білу;

«Логикалық есептер» курс бағдарламасының мазмұны

Барлығы – 34 сағат

Апталық сағаты – 1 сағат

I. Есте сақтауды дамытуға арналған тапсырмалар (8 сағат) Берілген тақырыптар арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мәселен, «Сиқырлы нүктелер», «Ғажайып сызықтар» тақырыптары барысында есте сақтауға тапсырмалар беріліп, оқушылардың есте сақтау мен қатар логикалық ойлауларын кеңейту.

II. Логикалық ойлауларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар (4 сағат) Ғажайып цифрлар, математикалық жаңылтпаштар, қызықты үшбұрыштар мен шаршылар тақырыптар аясында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау.

III. Зейінді қалыптастыруға арналған тапсырмалар (6 сағат) Сандар сыры, цифрлы жұмбақтар, қызықты математикалық тапсырмалар арқылы пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, зейіндерін, байқағыштық қасиеттерін жетілдіру.

IV. Ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар (16 сағат) «Әзіл есептер», «Жұмбақ өлең есептер», «Графикалық модельді есептер», «Комбинаторикалық есептер» сияқты логикалық есептерді орындау барысында, оқушылардың жүйелі ойлау қабілеттерін жетілдіру. Математикада логикалық есептерді жүйелі жүргізіп отыру, оқушылардың тыңдау қабілеттерін дамытып, ойлау дағдыларын қалыптастыру және математикалық сауаттылықтарын жетілдіру.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 3 - сынып
«Логикалық есептер»

Аптасына 1 сағат

Жылына 34 сағат

№	Тақырыбы:	Сағат саны	Өтілетін уақыты	Ескерту
1	Сандарды цифрмен жаз	1		
2	Өрнек құр, мәнін тап	1		
3	Логикалық тапсырмалар	1		
4	Бағдарлама бойынша мәнін тап	1		
5	Кім жүйрік ?	1		
6	Кестені толтыру	1		
7	Тендеу құр және оны шеш	1		
8	Теңдік тура болатындай жақша қой	1		
9	Көбейту кестесімен тендеуді шешу	1		
10	Сиқырлы төртбұрыштар	1		
11	Теңдікті жалғастыр	1		
12	Кесте толтыру	1		
13	Ауызша есептеу	1		
14	Өрнектің мәнін тап	1		
15	Құпия сандар	1		
16	Өрнек құр, салыстыр	1		
17	Жақшасыз өрнектер	1		
18	Салыстыру	1		
19	6 санына көбейту және бөлу	1		
20	Амалдардың орындалу реті	1		
21	Сандарды орналастыр	1		
22	Бұрыштың түрлері	1		
23	Есеп шығару	1		
24	Есепті екі тәсілмен шығару	1		
25	Өрнек құр және оқы	1		
26	8 бен 9 санының кестесі	1		
27	10 мен 100сандарына көбейту және бөлу	1		
28	Кім тапқыр ?	1		
29	Тендеуді тексеру	1		
30	Көлем	1		
31	Дөңгелек сандарды көбейту, бөлу	1		
32	Қалдықпен бөлу	1		
33	Баған түрде есептеу	1		
34	Ойна да, дойла!	1		

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.П. Слепнёва , Математика (бастауыш сынып оқушыларына арнайы қысқаша анықтамалық 1- 4 сыныптар) - Көкшетау қаласы, « Келешек-2030 »
2. Развивающие тесты для школьников – Школа « Алеф » , 2001
3. Л.Г. Петерсон, Математика – 2 класс – « С – инфо », « Баласс », 2001
4. Л.Л. Глазырина , Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалары жинағы (2,3,4 сыныптар) - Көкшетау қаласы, « Келешек-2030 » 2008
5. Ерешева Күләнда, Ыдырысова Шолпан, Әденова Гүлбаршын, Логика әлемі – 2 – сынып, Алматы « Өлке» баспасы, 2014
6. Ерешева Күләнда, Әденова Гүлбағда, Сәлімқанова Гүлнәр, Логика әлемі – 3 – сынып, Алматы « Өлке» баспасы, 2014
7. Н.Ә.Жаманғараева, Ф.А.Асылбекова, Математикадан 105 сабақ 2014
8. Ж.Дәуренбеков , Қызықты сабақтар 2014
9. Ш. Күмісбайұлы, Жұмбақ әңгімелер 2001
10. Бейсеков Ж., Қамбарова Ж., Исаева А. Математикадан бақылау жұмыстары (1-4 сыныптар)– Шымкент, 2008